



МАҒЖАН

MAGJAN JUMABAIEV

ЖҰМАБАЕВ

АДАССАМ ЕЛІМ ДЕП
АДАСТЫМ

Я СОЛНЦЕМ ОГНЕННЫМ РОЖДЕН

НАРОДНАЯ БИБЛИОТЕКА



қаз.тілінде

84.5Каз к-45089

81 Жұмабаев Мағжан

Асам елім деп адастым: Өлеңдер.-

2011

:
30389
11/кз



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КЛУБ АБАЯ
ABAQ INTERNATIONAL CLUB

Мағжан Жұмабаев

АДАССАМ
ЕЛІМ
ДЕП
АДАСТЫМ

Өлеңдер



РОЛАЛДЫ СЕЙСЕНБАЕВ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
ЖИДЕБАЙ · 2011

Магжан Жумабаев

Я
СОЛНЦЕМ
ОГНЕННЫМ
РОЖДЕН

Стихи



РОЛЛАН САЙСЕНБАЕВ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КЛУБ АБАЯ
ЖИДЕБАЙ • 2011

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері,
тариҳы, фәлсафасы, білімі, һем діні

Қазақтың Әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің
Гуманитарлық һем ғылыми-теоретикалық зерттеу институты

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 81

ҰЛЫ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР МЕН ОЙШЫЛДАР АЛЛЕЯСЫ

Поэзия

Серия I-XXI ғғ.

Магжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағы жеке кітап болып ұсынылып отыр. Кітапта ақынның әр жылдары жазылған өлеңдері енді. Ұлтына, еліне, тұган жеріне деген сүйіспеншілігін өлеңдерімен жеткізген ұлы ақын стилизация режимнің құрбаны болып қырық бес жасында дүниеден етті. Өзіндік дербес әлемін, адамдың дара тұғасын асқаң ұстаған ақынның есімі де, оның өлеңдері де қазақ әдебиетінде жартығасыр бойы аталмай келген еді. Бүгінгі күні Магжан Жұмабаевтың туындыларына деген қызығушылық күн сайын арта түсude.

•

Магжан Жумабаев — один из основоположников казахской литературы. Магжан из того поколения поэтов, которые первыми в Средней Азии и Казахстане воссоделили духовное развитие Востока и Запада. «Его поэзия, наполненная болью о судьбе своей нации и всего человечества, в целом жива. Она живет своей жизнью. Но как жаль, что все прекрасные произведения достаются творцу лишь ценой собственных несчастий. Иногда ценою жизни», писал о великом поэте Мухтар Ауэзов.

45089

Магжан Жұмабаев

Ж 81 Адассам елім деп адастым. Өлеңдер.

Я солнцем огненным рожден. Стихи. / Магжан Жұмабаев — Алматы: RS, 2011. — 146 б. — каз., рус.

© «Магжан Жұмабаев», Білім, 1996

© «Пророк», Жибек Жолы, 2002

© Магжан Жумабаев, 2011

ISBN 978-601-7294-07-6

© RS RS, 2011, 146 б.

Абдессағат Абдессағат

жыл. 2011

г. Алматы

*Бірінші халықаралық поэзия
фестивалі — «Мағжан көктемі»*

Кызылжар елі

*Первый международный
поэтический фестиваль —
«Весна Магжана»*



КІТАП — ЕҢ САБЫРЛЫ ҮСТАЗ

Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі — бейбітшілікті, екіншісі — рұқаниятты, үшіншісі — табигатты қоргау һәм сағтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастаута Қазақстанның гана емес, бүкіл әлемнің болашагы байлаулы.

Бола ма, жоқ па деген Адамзат тіршілігіне бағытталған Гамлет күмәні: егер біз оған мән беріп, құлақаспасақ, адамзат алдында мәңгі шешілмес сұрақ болып қалатыны сезсіз. Техникалық даму әлемде құлашын кеңге жайды, осыған орай адам да табиғатты құл қылута барын салуда. Ұлы бабаларымыз қолдан соққан әлемдік мәдениет пен ойдың көзсіз мұхитын мәңгеруде біздер олқы түсіп жатырымыз. Өкінішке орай, әлем халықтары бастарына төнген қатерді аңгаруда мешеулік танытуда. Интеллектуалдық және идеологиялық көасіздік қоғамда болып жатқан ақыннан алыстатып, адамды апат жолына — моральдық, адамгершілік, рухани дагдарысқа белшесінен батырды. Үшінші мыңжылдық біздің ортақ үйіміз — Жер-бесігімізде төтенше езгертулер енгізуі талап етеді.

Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен Кітап — мәдениет пен руханиятты қоргауда теңдесі жоқ қару болып табылады.

S. МАҒЖАН ЖУМАБАЕВ

Кітап — адамзат баласына ағарту һәм білім сыйдан береді. Кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан құның құшың сырлары сақталған. Кітап — уақыт пен кеңістіктің тышысына толы адамзат ойының жемісі.

Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жаң жылуыш сеніп тапсырган. Кітап біздің алға жылжымызда, катализмдардан арылымызда, адамгершіліктің білік шынына көтерілуде өлшеусіз ақыл қосады.

Кітап — ең сабырлы ұстаз.

Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айналтпай танып білуге үйретеді.

Мен Абай клубының адамгершілік әрекетін қолдаймын. Қазақтың көрнекті жазушысы Роллан Сейсенбаевтың «AMANAT» журналы мен 200 томдық Кітапхана шығарудагы ұлагатты бастамасына шын жүргіліммен қуанатынымды білдіргім келеді. Отанымыздың рухы мен мәдениеті үшін барын салған жазушыны Қазақстанның ұлтжанды, нагыз патриоттары қолдайтынына сенімім зор.

Жаңа басылымга ойшыл да, рахымды оқырман тілеймін.
«AMANAT» журналының 200 томдық Кітапханасы —
— Элем халықтары әдебиетінің, өнерінің, тарихының,
философиясының алғашқы томдары — дүниеге келуі
тілге тиек етер, шын қуанар, үміт артар үлкен әлеуметтік
құбылыш.

Кітапты аялайық, құрметтейік, кітапқа адал болайық!

Нұрсұтан Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті
14 наурыз, 2001 жыл Астана

АДАССАМ
ЕЛІМ
ДЕП
АДАСТЫМ

**Сансыз күндер ой астына көмілдім,
Кор болып ем көңілін таптай көңілдік.
Жаспен жасып, оймен азып-тозып ем,
Өліп едім, бұғін тағы тірілдім.**

КӨНІЛ



ұм көнілге разы емен мен,
Тез жанаң да, тез сөнед.
Бір тілегін істесен сен,
Оған басқа ой келед.

Жас баладан артық женсік
Мұндай нәрсе көрmedім.
Тұрағы жок шайтан секек,
Тіпті-ак сырын бітmedім.

Бір жар іздең, болса әүре.
Таптым, бардым касына.
«Аш құшағын,— дедім,— сәүле!
Шомылдып көз жасыма».

Жанған жүрек, жасты көріп.
Көнілі сенгіш перізат:
«Ақырын,— деді колын беріп.—
Жанба, сәүлем, көрме жат!»

Жанып-күйіп сүйсө танда.
Кешке сөнген ол отсыз.
Бұғін мұнда, ертең анда,
Тым-ак нәрсе ұятсыз.

ЗАР

Күз жетіп, жердін жүзі солғын тартса.
Алтын күн нұры кеміп, салқын артса.
Жер жүзі өлім күтіп тұрса жылап,
Сексенде селкілдеген байғұс картша.

Катты қыс кірейін деп есік ашса,
Кызыл гүл корыкканнан түсі кашса.
Әл кетіп, бұлғақтаған бұтактарда
Жапырак: «Ал өлдік!»—деп сыйырласа,—

Кайғырман, сірә, осы қыс жетті еken деп,
Есіл жаз бір күндей боп өтті еken деп,
Артына катты сұық кайғы тастап,
Жолымен «Барсакелмес» кетті еken деп.

Қыс өтер, мезгілімен жаз да болар.
Кар еріп, ойлан жерлер саз да болар.
Теніздей толқындаған шалкар көлде
Түрлі құс: үйрек, акку, каз да болар.

Алтын күн алтын сәуле жерге шашар,
Жан кіріп, жан-жануар қыбырласар.
Құркіреп кара бұлт аспан-көкте,
Жасаған кен ракметтін кілтін ашар.

АДАССАМ ЕЛІМ ДЕП АДАСТЫМ



13

Сөзім жок дәл осында болуында,
Бар кайғы, қалың дертім менін мұнда.
Көнілдін баяғыдай мінезі жок,
Соғады жүрек зорға, келші, тыңда.

Жоғалды, батты, кетті сәулем-күнім,
Жайнаған жүз күлпірып қызыл гүлім.
Сәулесіз, Айсыз, Құнсіз қарандыда
Өтөрмін аһ ұрумен шықтай үнім.

Жалғанын бір көрермін көп пен азын,
Өмірімде енді болмас жылты жазым.
Енді бір өлгенім де, жүргенім де,
Колымнан ұшканнан сон коныр казым.



ОРАМАЛ

Қасірет батты жаныма.
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп...

Күз сарғайтты қайынды.
Мен де бірге сарғайдым.
Қара бұлт жауып айымды.
Жылаймын, күйем, зарлаймын.

Толып қалды төрт айға.
Күйікпенен күн өтті.
Жарымды өкіріп отарба
Канды жакқа әкетті.

Елін оїлап камығып,
Жүрегі толып дерт-шерге.
Жүр екен жаным жабығып
Осы күні кай жерде?

Жарқ-жүрк сансыз көзі бар.
Бейне жыннын ұясы.
Ың-жын, у-шу сөзі бар.
Түсірмес жарық киясы.

Жылты жүзді жаны жок
Катада жүдеп жүр ме екен ?
Жакыны жок, жары жок.
Жалған оған көр ме екен ?

Солдатша сымдай күніп,
Шекпені онын сұр ма екен?
Күргегіне сүйеніп,
Суыкта жаурап тұр ма екен?

Жаткан шығар ор казып.
Жауға ма әлде өзіне.
Бұрыла алмай бой жазып.
Кайғы шығып жүзіне...

Касірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем кашан кестелеп?..

Орала берме, жібегім.
Тезірек жүрші, сен де, біз.
Сенсін қымбат керегім,
Алакандай ак бәтес.

Кайғыдан өлсем, арман жок.
Акиреттік жолдастым.
Көзімде жас қалған жок.
Кестеге сінді бар жасым.

Орамалды алып сорлыннан,
Көзіне жасынды іріккенде,
Күрсініп ауыр, сәулемжан,
Көзінді ақырын сұрткенде.

Жасаған не, тілегім:
Аралассын жаска жас.

Орала берме, жібегім,
Сенсін жаным, ак бәтес.

Касірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем кашан кестелеп?..



ГҮЛСІМГЕ

68.25.4

Жұмактағы жібек желден.
 Мәнгі жайнаң тұрған гүлден
 Жаратылған әйел сұлу!
 Тұрмыс деген бір тұзакка.
 Азға емес, тым ұзакка
 Кез болыпты — ішіпті у.
 Әйел атын Гүлсім дейді.
 Тұрмыс атын тылсым дейді.

Жұмактағы кәусар судан.
 Бетіндегі алтын будан,
 Періштелердің жырынан.
 Жұмак сұы сылдырынан.
 Жапырағының сыйбырынан.
 Тәнірінің дәл өз нұрынан
 Жаратылған періште еді.
 Мекені оның ғарышта еді.

Алмас қанат періште еді.
 Мекені оның ғарышта еді.
 Жерді көрді канға баткан.

Жүргіне канжар кіріп,
Жапан тұзде андай ұтып,
Елді көрді зарлап жаткан.
Елді көрді — жерге тұсті,
Жерге тұсті — көрге тұсті.

Елді көрді — жерге тұсті,
Какты қанат, кезді, ұшты,
Кім зарласа, соны сүйіді.
Құтгенменен бірге күліп,
Өтгенненен бірге өліп.
Күйгенненен бірге күйіді.
Жабықканға жәрдем етті,
Кара да, ак та теніз өтті.

Алап, меруерт көбік шашар.
«Кел,— деп,— бері!» койынын ашар
Тұрмыс — теніз бір тұнғиык.
Тенізге кім басар қадам,
Басса, басар оған адам.
Жанын сатып, жанын қызып!
Тұрмыс — теніз сылк-сылк күлді,
Сұту суға кірді де өлді.

Өлді сұту — өтті жылдар,
Өлді сұту — бітті жырлар.
Жалғыз ерте кешкі танмен,
Канды жерге көзін сатып,
Көкті ойлан күйіп-жанып.
Конырлаткан мұңды әнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып.

Жан толкытар жыр іздеген.
Әлемітік нұр іздеген,
Киял құты — мен бір акын.
Тұрмыста тар, тайғак жолға.
Түсіп келе жатып зорға,
Күні кеше кешке жакын
Батқан күннін танын көрдім,
Сол сұлудың жаңын көрдім.

Күні кеше жаннын жырын.
Жүзіндегі жұмак нұрын
Естіп, көріп, елжіредім.
Жан-жүргім, колым беріп,
Кан аралас жасым төгіп:
«Жолым баста, келші!» — дедім.
Кайырылып та карамады,
Жас жүрегім жарапады...
«Мен бір жанмын өлген,— деді,
Періштелер көмген!» — деді.
Бір карады, кете барды.
Жүзіндегі жұмак нұры.
Аузындағы мұнды жыры
Жүрегімнен кетпес бұл жыр.
Құбылса да мынға өмір.

Періштелер лебізінен,
Шын махаббат теңізінен
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзакка.
Азға емес, тым ұзакка
Кез болыпты — ішіпті у!
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді...

ОТ

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге ғана багынам.
Өзім — күнмін, өзім — от,
Сөзім, кысық көзім де — от,
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәнірі — от,
Оттан баска Тәнірі жок.

Жалынмен жұмсак сүйеді,
Сүйген нәрсе күйеді,
Жымшып өзі жорғалар.
Ұшырағанды шок кылар.
Шок кылар да, жок кылар.
Мұнын аты От болар.
Мен де отпын — мен жанам.
От — сен, Тәнірім, табынам.

Әдемі отпен аспанын,
Бәрі жасық басканын,
Жатын жұтам — тез тоям.
Әуліем, нем, кұтыма.
Тенсіз Тәнірім — отыма
Әлсін-әлсін май құям.

Май құямын — өрлейді.
Құлашын көкке сермейді.

Кеіде жылан арбайтын.
Кеіде аждаға жалмайтын.
Сескенбес, сірә, кім сенен!
Шынында, менін өзім де — от,
Кысылған кара көзім де — от.
Мен — оттанмын, от — менен.
Жалтынмын мен, жанамын.
Оттан туған баламын.

Каранғылық бүкканда,
Кызырып күн шыкканда.
Күн отынан туғанмын;
Жүргегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жатынменен жуғанмын.
Жүргегім де, жаным да — от.
Иманым да, арым да — от.

Жаркырап от бол туғаннан.
Белімді бекем буғаннан.
Каранғылық — дүшпаным.
Сол жауызды жоюға.
Сокыр көзін оюға
Талай заулап ұшканмын.
Әлпігө¹ барғам Алтайдан.
Балканға барғам Кытайдан...

Заулап, өрлеп аспанға,
Әлпіден аскар асканда
Отты Атилла, Баламір
Мен едім. Тағы барғанда
Ойран сатып Балканға
Жолбарыс Жошы, Сұбітай ер

¹ Альпі — аскар таудың аты (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Шалғай-шалғай жер шалып,
Басылым біраз от атып...

Кеше маған тіл келді,
Күнбатыстан жел келді.
Каранғылық каптады.
Ұяттан әсер қалмады,
Идеалды — Алланы
Карын деген таптады.
Күнім, заулап жана гөр,
Күнбатыска бара гөр.

Енді заулап жанайын,
Күнбатыска барайын.
Бір шетінен тиейін.
Каранғы тас қаласын.
Жалмауыз жауыз баласын
Жалынмен жатап, сүйеіін:
Не катар екен каладан,
Жалмауыз жауыз баладан?!

Күннен туған баламын,
Жаркыраімын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім — күнмін, өзім — от.
Сөзім, қысық көзім де — от.
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәнірі — от.
Оттан баска Тәнірі жок.



ПАЙҒАМБАР

*Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток.
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наши Пророк.*

Д. С. Мережковский.

Күнбатысты каранғылым калтаған,
Күні батып, жана таны атпаған.
Тұнеріп жүр түннен туған перілер.
Тәнірісін табанына талтаған.

Күнбатысты каранғылым калтаған.
Көгінде жок жағыз жұлдыз батпаған.
Тұн баласы Тәнірісін өлтіріп.
Табынатын басқа Тәнірі таппаған.

Күнбатысты каранғылым калтаған.
Жағыз жан жок каранғыда лакпаған.
Білген емес — иман деген не нәрсе.
«Карын» деген сөзді ғана жаттаған.

Тұн баласы... Тұн жолына түскен ол.
Сакаусын деп Мұса тілін кескен ол.
Тәнірінің сүйікті ұлы Айсанын
Тітіркенбей ұрттап канын ішкен ол...

Тұн баласы тұнерген тұн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап Құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.

Тұн баласы өмірінде араз танменен,
Кабыт ұты ауызданған қанменен.
Табынатын құр денеге жануар.
Болған емес жұмысы онын жанменен.

Төгітмей ме кемерінен аскан су,
Өлтірмей ме жайылған сон күшті у.
Тұн баласы тұнеріп тұр өлгелі,
Көзінді сал — құнбатыста қанды шу.

Көзге тұртсе көрінбейтін кара тұн.
Құнірене ме, құле ме әлде әлдекім?
Жылайиды да, шулайиды да ұлиды,
Бұл кім? Бұл ма — тұн баласы түссіз жын.

Кап-кара тұн. Тұн баласы құніренед.
Құніренүмен бір-біріне үн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад.
Кара тұнде көр көзімен не көред?!

Кап-кара тұн. Толқындары кара кан.
Кара тұнде өншен соқыр шұбырған.
Сол шұбырған сансыз соқыр алдында
Ентелеген кәдімгі Иван есалан.

Кап-кара тұн. Шегір көзді жындар жүр.
Кап-кара тұн. Қайғы мен кан ойнап тұр.
Қайғы менен кара канға тұншығып,
Тұн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Кап-кара тұн. Үакыт ауыр өтеді.
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Тұн батасы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар қүтеді...

Ерте күнде жок бар еді тұн туған,
Кап-каранғы тұн ішінде Күн туған.
Отты Күннің сәулесінен от алтын
Отты көзді. отты жанды Гун туған.

Ерте күнде отты Күннен Гун¹ туған.
Отты Гуннен от бол ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық кара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Кайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар.
Мен— Күн ұты, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем —
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзін көр?
Күншығыстан тан келеді, енді көр.
Тан келеді, мен келемін — пайғамбар.
Құт мені сен, «лахауланды» оки бер.

Күншығыстан тан келеді — мен келем,
Көк күніренед: мен де көктей күніренем.
Жердің жүзін каранғылық каптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Кап-кара тұн. Каіғылы ауыр жер жыры.
Кап-кара тұн. Күніренеді тұн ұты.
Күншығыста ак алтын бір сзық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар — Күн ұты.

¹Гун — түріктің аргы атасы (М. Жұмабаев ескертпесі).

КҮНШЫҒЫС

Кысык көзді Күншығыс.
Бұт тұруын кай тұрыс?
Серпіл енді, атыбым!
Күнірентіп жерді ыныраншы,
Күнбатыска көз салшы,
Көрдін бе қанын жатынын?

Күнбатысты шан баскан.
Шан емес, кара кан баскан.
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Көп білем деп — бөлуге,
Көп күлем деп — өлуге
Жакын катды Күнбатыс.

Дария еді ол өкірген.
Шапшып көкке лепірген.
Жемірілді кемері.
Өлгелі жаткан құрт ауру,
Жан-жакка сүзіп көз салту —
Колынан енді келері.

Ібілтіске ерген есерлер.
Өзімшіл кеуде кеселдер.
Тұншықсын, канға боялсын.

Онын өлген үнімен,
Канды батқан күнімен
 Күншығысым оянсын!
Қысық көзді Күншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс,
 Күнбатыска жүрелік.
Желкілдеген туменен,
Жер күніренткен шуменен
 Қаласына кірелік.

Құл қылайық қаласын,
Құл қылайық баласын.
 Жок, жок! Ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,
 Мейірім есігін ашалық.

Мұндарларды адаскан,
Айрылып естен шатаскан
 Күншығыстың жолына
Салайық, шетсін демейік,
Аямайық, көмейік
 Күншығыстың нұрына...

Терен теніз тебіренді,
Күншығысым күніренді,
 Кырағы көзім көреді:
Желкілдеген туменен,
Жер күніренткен шуменен
 Қара бұлт қаптап келеді.
Әй, сен, кесел Күнбатыс!
Бұл жатуын кай жатыс,
 Жоғал жылдам жолымнан!
Болмаса, корыксан өлімнен,
Үмітін болса өмірден,
 Ұста менін колымнан!

АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА

Алтыста ауыр азап шеккен бауырым,
Куарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Камаған катын жаудын ортасында
Көл кылып көздін жасын төккен бауырым.

Алдынды ауыр кайғы жапкан бауырым,
Өмірінше жапа шеккен жаттаң бауырым.
Тұксиген, жүргегі тас жауыз жандар
Тірідей терін тонап жаткан бауырым.

Япырмай, емес пе еді алтын Алтай,
Анамыз бізді тапкан, асау тайдаї.
Бауырында жүрмел пе едік салып ойнак.
Жүзіміз емес пе еді жарқын Айдай?!

Алаты алтын сака атыспап па ек.
Тебісіп бір тәсекте жатыспап па ек?
Алтайдай анамыздын ак сүтінен
Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек?

Тұрмап па ед біздін үшін мөлдір бұлак
Сылдырап сылқ-сылқ күліп таудан құлап?
Даяр бол ұшкан құстай соккан құйын,
Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырак!

Алтайдын алтын күні еркелетіл,
Келгенде жолбарыс бол жана ер жетіл.
Ак теніз, Кара теніз ар жағына.
Бауырым, мені тастап, калдын кетіп!

Мен калдым — жас балапан канат какпай.
Ұшам деп ұмтылсан да дамыл таппай.
Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,
Жауыз жау койсын ба енді мені атпай?!

Корғасын жас жүрекке оғы батты.
Күнәсіз таза каным судай акты.
Кансырап, әлім құрып, естен тандым,
Каранғы абактыға берік жапты...

Көрмеймін кеше жүрген қыр-сайды да,
Күндіз — Күн, түнде — күміс нұрлы Айды да!
Ардактап, шым жібектей арайға орап
Өсірген алтын анам Алтайды да.

Япырмай, айрылдық па калын топтан.
Шабылып кайтпайтүғын жауған октан.
Түріктің жолбарыстай жүрегінен.
Шынымен коркак құл бол жаудан бұккан?!

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны
Шынымен ауырды ма, бітіп халы?!

От сөніп жүректегі, құрызы ма
Қайнаған тамырдағы ата каны?!

Бауырым! Сен о жакта, мен бұ жакта,
Кайғыдан қан жұтамыз. Біздін атка
Лайык па құл бол тұру? Жүр, кетелік
Алтайға, ата мирас алтын такка!

ТЕЗ БАРАМ

Кыранымын сары сайран даланын.
Кос канатым — алтын Алтай, Оралым.
Еркін дата ардактысы, еркесі
Бетім кайтпай өскен батыр баламын.

Аскан атып — ата затым сұрасан.
Аскан дана — ана затым сұрасан.
Шашып жалын жас жолбарыс ұмтылса.
Корқак құллар, калаі карсы тұрасын?!

Тұлпар мініп, туды колға алайын,
Суырып қылыш, кан майданға барайын.
Жердің жүзі кім екенім танысын.
Жас бөрідеі біраз ойын салайын.

Тіріттейін атып атам аруағын.
Тазартайын Сарыарқамның топырағын.
Жан-жағына тегіс билік жүргізіл.
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Дүғала бол, алтын Алтай — карт анам,
Атып ата, қуды жолын ер батан.
Ак шашыңды, көкірегінді іскеуге,
Тәнірі жазса, сәулетпенен тез барам.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады.
Кеше батыр — бүгін коркак бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Кан суынған, жүрек солғын соғады.

Кыран құстын кос қанаты қыркылды.
Күндей құшті күркіреген ел тынды.
Аскар Алтай — алтын ана есте жок.
Батыр, хандар — аскан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бак, ардын, —
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардын...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі бол,
Нұрлы жұлдыз — бабам тілі, сен калдын!

Жарық көрмей жатсан да ұзак, кен—тілім.
Таза, терен, өткір, құшті, кен тілім.
Таралған түрік балаларын бауырына
Ак котынмен тарта аласын сен, тілім!



ЖЕР ЖҰЗІНЕ...

Жер жүзіне ер атағым жайылған.
Жан емеспін оттан, судан тайынған.
Кайраты мол қандыбалак қыранмын,
Күн болған жок жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыккам аскар Айтайға.
Кырда тұрып садақ тарткам Қытайға.
Талаї тайғақ, тар кешуде таймаған
Батыр жүрек, кайрат енді алдай ма?!

Талмай, қайтпай, камал бұзған кеменгер.
Арыстанға карсы ұмтылған мендей ер.
Бір баркылдақ жалпылдаған төбеттен
Коркар болсам, жұтсын мені кара жер!



МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты.
Жолбарыстай кайратты.
Кырандай күшті канатты
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар.
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар.
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар — балапан.
Жайып канат, ұмтылған.
Көздегені кен аспан,
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер —
Мен жастарға сенемін!

Тау суындаі гүрітдер.
Айбынды алаш елім дер.
Алтын Арка жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

34  МАҒЖАН ЖҮМАБАЕВ

Кажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұнкарға?!

Иман күшті оларда.
Мен жастарға сенемін!..

Алаш — аїбынды ұраны,
Касиетті Құраны.
Алаштың олар құрбаны.
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға:
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір танда.
Мен жастарға сенемін!



...FA

Мейірімсіз тағдыр құрған торға түсіп,
Жапанды жатыр едік біз оқка ұшып,
Кеудеден таза ыстық кан сорғалап,
Қайрымсыз кара салқын жерді құшып;
Айрылып алтын ерік, ар-намыстан,
Қайрылмай қанат қағып бак құсы ұшып,
Тас жүрек, көнілі қара жауыз жаудын
Колынан құлдық, корлық уын ішіп;
Жан таппай төніректен жәрдем қылар,
Өмірден енді алдағы үміт кесіп.

Қайратты ер, сын-бәйгеге тігіп басын.
Сол кезде ауыр жолға қадам бастын —
Құткарып келімсектен, тірілтпекке
Көз жетпес кен, бай Сібір сар даласын.

Ұмтылған ізгі жолда тілегіне,
Түссе де темір шынжыр білегіне,
Касіретті, қара құнде жанды сүйген
Конған жок кіршік таза жүрегіне.

Сол жолда қайғы жұтқан бізді көрдін.
Бауырдай бірге тұған колын бердін —
Есіркеп, жанын ашып, жакын тартып,
Жазуға сыртқы, ішкі қалын шерден.

36  МАҒЖАН ЖҮМАБАЕВ

Баладай еркелеткен колына аттын.
Жұбаттын, еске салып өткенді аттын.
Тіледін таза жүрек, ак көнілмен
Болсын деп баяғыдай жүзін жаркын.

Арлакты ер! Ұмытылмас еткен ісін.
Күні ертең айбынды Алаш жинап есін.
Көксеген көп заманнан тілегінді
Жарықка шығаруға жұмсар күшін.



ТӘНІРІ

Зор Тәнірі, күштісін сен, сенеміз біз.
Оліл деп, әр ісіне көнеміз біз.
Оз күлін өзі еніретпес тұра Ие деп.
О інеге ерік тізгінің береміз біз.

Ауыздан Алла атыңды тастамаймыз,
Алласыз ешбір іске бастамаймыз.
«Оділ хан, бүйірығына бойсұндық», — деп.
Бүйірыксыз бір адым да аттамаймыз.

Кеш, Тәнірім, болса сөзім пендешілік.
Мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік?
Соншама кен раҳметтен құр тастайтын.
Баласы алты Алаштың — біз не қылдык?

Басқаға орын бердін жаксы жайдан —
Зенгір тау, түпсіз дария, терен сайдан.
Үмітсіз, тілегі жок, тұрағы жок,
Куылған дәрганіннан біз бе шайтан?

Бізге отсыз шөл даланы орын қылдын,
Бак-дәulet, өнер-білім қырын қылдын.
Кесір деп кек алатын өгей балан
Біз бе едік? Көп төбетке жырым қылдын!

38  МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

Жібердін басқа жұртқа жолбасшытар,
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.
Не елші, не жол сілтер кітабын жок —
Алашқа әлде жазғаны бар да шығар?

Бакытсыз канғып жүрген казак сорлы,
Әркімге күні кетіп, мазак сорды.
Бір елші жібермедін, санға алмадын
Жаланаш түйе баккан араб құрлы!

Кеш, Тәнірім, сорлы құлға каһар етпе.
Ракым қыл, біз сорлыны шетке теппе.
Сөз шыкты жан ашумен, Әділ Тәнірім,
Тиген сон аши таяқ тұшы етке.



ТІЛЕГІМ

Көрмейін ракат, жанайын,
Жалын болсын манайым,
Күйейін, азап шегейін.
Жансын денем, күш бітсін,
Күшті жалын ішке өтсін,
Ашы, ыстық жас төгейін.

Көрмейін ерік, тұтқын бол,
Абактыда жұтып от,
Өтсін өмірім зарменен.
Берік болсын жау камаған.
Сарғаяйын санадан,
Көрісе алмай жарменен.

Іште толған калын дерт,
Жүректегі жалынды от
Зарлатар мені сол уақыт.
Елестеген ерікті,
Ұшқыр жанға серікті
Жырлармын мен жан атып.

Көрген сайын көп кысым,
Зарлы, ашы даусым
Шыркырар Сарыаркада.

40  МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

Өзегіне өтпей ме.
Зарлы жырым жетпей ме
Қазағыма — калкама!
Көрмейін ракат, жанайын.
Жатын болсын манайым,
Күйейін, азап шегейін.
Жырыммен жаным жұбатам,
Жырыммен жұртыымды оятам.
Несіне жас төгейін?!



ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖЫРЫ

Желе бер, жаным Каракөк,
Желкілде желмен, айдарым!
Колымда найза көк болат —
Ерлігіме айғағым.
Үлт дегенде көпіріл,
Жарайсын, қаным, кайнадын,
Үлтүмнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым.
Көктегі көрі Күн куә —
Ежелден жаудан таймадым.
Коркыныш емес нажағай.
Нажағай — сезім, жайнадым.
Білгенін енді істесін,
Өлімменен ойнадым.
Желе бер, жаным Каракөк,
Желкілде желмен, айдарым.
Казам жетсе майданда,
Басымда найзам — сайғағым.
Каїратты, кайтпас жан досым —
Ерлігіме айғағым.
Желе бер, жаным Каракөк,
Желкілде желмен, айдарым!

БОСТАНДЫК¹

Жер жүзін кан басканда.
Көбігі шығып аспанға.
Жын жолдас боп адамға.
Туралық, тендік ұмытылып.
Інжіт. Құран жыртылып.
Жатканда жерде — табанда.

Қызыл қанға мас болып.
Жүргегі кара тас болып,
Аїрылып естен адамзат.
Ұмытып мейрімді песін.
Соыйп саулық түйесін.
Тәнірісі боп Лат. Манат.

Жүргізіп Ібіліс әмірін.
Жауыздық жайып тамырын.
Өршіп өтірік, дүшпандық...
... Кек есігі ашылды.
Жұмак нұры шашылды.
Келді ұшып бостандық.
Ғарыш нұрлы жүзі бар.

¹ 1918 жыны Сібірде реакция дәуірінде жазылған
(М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Кәусар, жібек сөзі бар.
Әдемі, атмас ак канат.
Жануарлар жердегі.
Ынтасты — жакын көрмегі,
Таныркалы анталап.
Аппак нұрға оранып,
Ақырын ғана дем атып,
Күрметпенен тұрысты.
Сәүле көрмей, шеккен зар.
Аш-жалаңаш сорлылар
Куанысты, күлісті.

Тез жалындаپ сүйнған.
Жұмактан да қуылған,
Адамзат бір әуреде.
Есін жиып қүйленіп,
Әбден бойы үйреніп
Атғаннан соң сәулеге

Баяғысын бастады,
Ұжданды былай тастады.
Бостандықта жок жұмыс.
Зар еніреді татаі жан,
Сел боп акты қызыл кан,
Өтірік, татау, өлтіріс.

Шірік жүрек сасыктар.
Арамдықка асыктар
Жетілді, жетті мұратка.
Қыбырлаған коныздар,
Корсылдаған доныздар
Көктен келген конакка

Тілін, колын тигізді,
«Сасық сайтан» дегізді.
Жауыздық тағы өрледі.
Ізгі елшісі жұмактын.

Касиетті конактын
Ак канаты кірледі.

Кыбырлаған коныздар,
Корсылдаған доныздар,
Тілегін болды — қуан, күл.
Бостандық — ізгі періште
Кетпекке ұшып ғарышка
Ак канатын комдап тұр.



СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылты, тәтті у тараңды каныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Натша тағы, бүкіл дүние малына.

Күшактатып нәзік талдай беліннен.
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдаї тіліннен.
Бой шымырлап, талықсиды жүрегім,
Балқып денем, барам еріп деміннен.

Кір койныма, қыпша беліп бұратып.
Гаркат шашын, жатсын жібек оратып.
Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс.
Көз жұмулы, жіп ыстық дем атып.

Шашын — кара, денен — ак бұлт, жүзін — Аїт.
Тісін — меруерт, көзін, сәулем, құралай.
Ләззат, ракат, бакыт — бәрі койнында.
Сұрамаймын енді ұжмак — жаксы жай!

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылты, тәтті у тараңды каныма.
Жасағаннан бір-ак нәрсе тілеймін:
Өтпесе тұн, атпаса екен таны да!

АЛЕКСАНДР БЛОК

Александр Блок —
Мәнгі жас жүрек
Үмітін бір үзбекен.

Батып алтын оїға.
Талмай қарап Айға.
«Әдемі әйел» іздеген.

Көрінер деп күнде.
Табылар деп түнде.
Шарқ ұрудан талмаған.

Александр Блок —
Мәнгі жас жүрек.
Қай жерге ол бармаған!

«Әдемі әйел» — идеал.
«Әдемі әйел» — бір киял
Блоктың басын байтаган.

«Әдемі әйел» — бір гүл.
Блок — бір бұлбұл.
Блок — бұлбұл саіраған.

Сайраған Блок.
Ойнаған жүрек—
Кейде үміт, кейле зар.
Өтеді өмір,
Бітеді жыр.
«Әйелден» бірақ жок ошар.

Күндерде бір күн,
Тұндерде бір тұн
Улы балды бітті жыр.

Төсекте Блок
Көз ашып көред.—
Алдында бір кемпір тұр.

«Әдемі әйел»— идеал.
«Әдемі әйел»— бір киял.
Идеал, киял — бір сағым.

Жанады жүрек.
Жылады Блок.
Көріп сөнген шырағын.

«Әйел» — идеал.
Кемпір — ажат
Тұр Блокка үнілтіп.

Сөнді енді өмір.
Бітті енді жыр.
«Әйел» катты жыр болып.



МЕНІ ДЕ, ӨЛІМ, ӘЛДИЛЕ

Кажыдым енді, күш бітті.
Көнітсіз, салқын, күн бұтты.
Жел бұйығып тербелед.
Әлдекімнің өлгенін,
Оны қалай көмгенді
Әнгіме ғып күніренед.
Жел, күніренбे, жасын тый.
Өлім күйі — тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле.
Әлдиле, өлім, әлдиле!
Қара орманның шетінде.
Нағыз желдің өтінде
Өскен жалғыз жас қайын.
Былқ-сылқ етіп билеген.
Сылдыр-сылдыр күйлеген.
Болсын онда не уайым.
Сол жас қайын құтапты.
Жанында жел жылапты.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле.
Әлдиле, өлім, әлдиле.
Колына ата ту атып.
Кылышын қанға суарып.

Тау сүндай тасыған,
 Каракат көзін қан жауып.
 Кабағынан қар жауып.
 Ойын салған жас ұлан —
 Майданда ұлан кайтыпты.
 Жел иманын айтыпты...
 Балқызы жаным бұл күйге.
 Мені де, өлім, әлдиле.
 Әлдиле, өлім, әлдиле!
 Әлдекайда бетпак шөл.
 Бетпак шөлде жалғыз жол.
 Сол жолменен жалғыз жан
 Тұн бойы талмай жүріпті.
 Табанын тастар тіліпті.
 Келгенде атып алтын тан.
 Сорлы, шөлде өліпті.
 Жел күмменен көміпті.
 Балқызы жаным бұл күйге.
 Мені де, өлім, әлдиле.
 Әлдиле, өлім, әлдиле!
 Бетінен алма қан тамған.
 Тілінен тәтті бал тамған.
 Бүйра толқын шашы бар.
 Күлкісі меруерт шашылған.
 Өзі — ғұл жана ашылған.
 Дәл он бесте жасы бар —
 Сұту көз жас төгіпті...
 Балқызы жаным бұл күйге.
 Мені де, өлім, әлдиле.
 Әлдиле, өлім, әлдиле!
 Тағпынған жана нәресте.
 Ак канатты періште.
 Былдырылаған бұлактай,
 Көрінген жанды құлдірген.
 Жана піскен бұлдірген.
 Балауса нәзік құрактай.

Кайтыпты козы көз тиіп.
Бетінен кейде жел сүйіп...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!
Атыста айдын шалқыған.
Көбігі меруерт балқыған.
Сол айдынның астында
Бар екен алпыс ақ отау,
Аттын уық, жібек бау.
Бәрі он алты жасында —
Отау сайын толқын шаш,
Толқын шаштар жаланаш...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле.
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Жана піскен балдырган.
Сүйісе, мейір қандырган.
Айдынға барып түсіпті.
Отауларды аралап,
Жас жүрегін жаралап,
Сұлуларды құшыпты.
Құшыпты да өліпті,
Жел толқыннан біліпті...
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Балдырганмен бастасып.
Сұлумен кол ұстасып.
Жас ұланмен жолдас болп.
Жас қайыңды колға алып,
Баланы сүйіп бір қанып,
Жолаушымен мұндастас болп,
Мен де тезірек өлеійін,
Әлі жаспын демейін.

АДАССАМ ЕЛІМ ДЕП АДАСТЫМ 51

Балқиызы жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдына атшы әлдилеп.
Келші, өлім, тезірек.
Жан ұшудан токтады.
Жынданып енді сокпайды
Кешегі асау жас жүрек.
Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдына атшы әлдилеп...
Балқиызы жаным бұл күйге.
Мені де, өлім әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!



ЖҰЛДЫЗДЫ — ЖҰЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН

Келші, көзім, күн бетінді көрейін.
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып кана жібектей.
Жұлдызды — жұзік, Айды алқа ғып берейін.
Сөзін — спырып, есті тұман басқандай.
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкін, Күнім, күндей күміс табакка
Мінсіз сұту меруерпті шашқандай.
Шашын — толқын, жүргімнің жарына
Соғылды да, батты улы зарына.
Айнам, саған арнап жырлар жазамын.
Каламымды малып жүрек канына.
Жырларыммен кестелейін орамал.
Бұлдіргендей, бөбектаіым, бетін бағ.
Бағта талтай шыбын конуға ұмтылар.
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.
Еркетайым, келсен егер касыма.
Сәулелерден шок қадар ем басына.
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем.
Келші, күтмей көзден аккан жасыма.
Келші, көзім, Күн нұрына көмейін.
Сүйші — өлеійін, «неге өлеійін?» демейін.
Жет, жұлдызым, жылжып кана жібектей.
Жұлдызды — жұзік, Айды алқа ғып берейін!

БЕРНИЯЗҒА

...Хан олді батын қанға.
Тыныштық тапты асау жан да.

Омір — дата, акын — бала қанғырған.
Жан сусынын көз жасымен кандырған.
Акын — бебек, өмір — көбік, тылсым-ды
Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған.

Құніренеді кенес айтып кария.
Олдекайда жер шетінде дария:
Гүнғиыктың түбі толған тамаша.
Дарияның сыры жок кой жария.

Дарияның астында — алпыс ак отау.
Ак отаулар алтын үық, жібек бау.
Отау сайын судай сұлу толқын шаш.
Толқын тербелеп: «Әлди, әлди!» — дейді бау.

Әлди, әлди, тербеледі ордалар.
Ордаларда өншен сұлу ән салар.
Сұлу жанның күлкісі де сикыр ғой.
Күлкітері көбік болып жорғалар.

Көрінсе егер сонау күміс күлкілер.
Жас ұланның жүргегін жүз тітгілер.

Шерлі ұланның көріп суга шомғанын.
Мылқау жартас: «Жынды ма әлде?!»— деп құлар.

Кенес айтып күніренеді бір күні.
Есімде жок, әйтеуір сол бір күні:
Майдан құрып, қарсыласкан екі жау.
Таудай мылқау, бірінің де жок үні.

Екі жаудын біреуі — өлім, бірі — өмір.
Бір-біріне кайрасады тіс шыкыр.
Бір мезгілде жаны жатын жас ұлан
Әлдекайдан кан майданға келіп тұр.

Жап-жас бала келе сала, қабағын
Түйіп, тарткан екі жакка садағын.
Тастан кайткан оғы тиіп өзіне,
Кан майданда қайтыс болған қарағым!

Ұлан өлген, мұны көрген екі жау:
«Мына ұланның емес, сірә, дені сау.—
Деді-дағы, шегі катып құлісті,—
Әй, есалан!.. Ха-ха, ха-ха, ха-ха-ay!»

Жаны жатын, жаны шерлі жеткіншек,
Құлсін саған, сөксін мейлі көк есек.
Мен сөкпеймін сені, сонау толқынмен
Кан майданға неге ғана кірдін деп.

Мен күніренем, ұлы ойлар кеп басыма,
Жырласан ед шомылып көз жасына:
Тұнғыбытын түбіндегі тамаша
Өзі-ак көшіп келмес пе еді касына...

Өмір, өлім — мәнгі аңдысқан екі жау.
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.
Сол жыр таппай, садак тартпай, сабыр ғып,
Кан майданда күніренсен еді, сор бала-ау!

АДАССАМ ЕЛІМ ДЕП АДАСТЫМ 55

Ойлаймын да, өкінемін ғапылдығына,
Жаным сеніп еді жакындығына...
Жастай сөнген жалын жанды жеткіншек.
Күнән ауыр, кешем ақындығына.

Омір — дала, акын — бала қанғырған,
Жан сузынын көз жасымен қандырған.
Ақын — бебек, өмір — көбік, тылсым-ды
Оїнап, арбап, бебекті естен тандырған.



ТҮРКІСТАН

Түркістан — екі дүние есігі ғой.
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандаі жерде туған
Түріктің Тәнірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен.
Тұранда ер түрігім туып-ескен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы.
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалын өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен сұы да жат.
Теніздей терен, ауыр ой бергендей.

Тұранның егі-шексіз шөлі кандай,
Теніздей кемері жок көлі кандай!
Тұранның дария атаған өзендері
Тасыса, шөлді баскан селі кандай!

Тұранның таулары бар аспанға аскан.
Мәнгіге басын алпак шаштар баскан.
Бауырында ерке бұлак салады ойнак.
Жаратып таудан аккан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жок мәнгі тып-тын.
Болмак па жан-жануар шексіз шөлде,
Сар құмда салар ойнак пері мен жын.

Тұранның теніз дерлік көлдері бар.
Шалқыған шегі-шетсіз Теніз, Арап.
Бір шетте касиетті Ыстықкөлдін
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Окыс, Яксарт — Жейхун, Сейхун.
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасын касиетті бабан бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай.
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсын
Кекке аскан Хантәніріге караій-қараій.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай.
Жоталы, жер кіндігі — Памир, Алтай.
Казықұрт касиетті тау болмаса.
Топанды Нұқ кемесі токтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат.
Құйындаі бастан кешкен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасіяб.

Ежелден жер емес ол карапайым.
Білесін, тарихты ашсан, Тұран жайын.
Тұранға касиетті құмар болған
Ертеде Кей-Кысырау мен Зұлкарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кен ақыл, отты кайрат, жүйрік киял.
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шынғыстай ер.
Данышпан, тұнғиық ой, болат жігер.
Шынғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүргегіне жігер берер.

Шынғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле
Атаға тартып туған бәрі бәрі.
Шынғыстың қол бастаған екі көзі —
Жолбарыс Сұпташай мен көкжат Жебе.

Тұранның білтері бар Тарагайдай.
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Аксак Темір,
Жарқ етіп өте шықкан нажағайдай.

Тұранды мактамаймын тіпті текке.
Онсыз-ак Тұран таныс талай шетке.
Сырласкан үіде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл кан — касиетті түрік каны,
Сол каннан — Ибн-Сина Әбуғати.
Молдығы білімінің сіккыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен мұзыкасын.
Фараби тоғыз ішекті домбырасын.
Шерткенде токсан тоғыз түрлендіріп.
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұсап отка.
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші атысып тарасқанда,
Казакта кара шанырак қалған жок па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Казактың қаска жолды Касым ханы
Тұранның талаі жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ак Алаш жері.
Тұрансыз таркамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапкан
Алаштың арыстаны — Абылтай ері...

Тұранның Сарыарқаны бөлек деме.
Түркістан алты алашқа болған Кебе.
Тұранның топырағын құшып жатыр
Кешегі ердін ері көкжат Кене.

Шер батса — кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері — қалын Алаш.
Тұран да, біле білсөн, сенін жерін!

Кырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай.
Күтеді көптен сені қараї-қараї.
Кене мен Абылайдың жолын кумай,
Жапанда жайылудын мәні қалай?!

Ертеде Окыс, Яксарт — Жейхун, Сейхун.
Түріктер бұл екеуін дария деійтін.
Киелі — сол екі су жағасына
Болмаса, барсаншы іздел бабан бейітін!



ӨМІРІМЕ ӨКПЕМ

Сұм өмір, сұлу дүние, аттадын ба?
Тән арып, тамырда кан қалмадын ба?
Жатған үшін жан киып, жапа шектім,
Енбегім, екі болып, жанбадын ба?
Жайшылықта жан киған, жакын дүние,
Таңып тұрсам, назарын салмадын ба?
Ортекелей орғытып, окка жығып,
Жатмауыз жауыз жатған, жатмадын ба?
Арсыз нәсіп, армансыз аттадын ба?
Каїрымсыз қанжығанды қандадын ба?
Комағай корқау ажат, койнын ашып,
Капа мен каїғыға кол жатғадын ба?
Атданым, алжастырдын, анғырттаным,
Ақылсыз анқау басым, андаудын ба?

Кимас дос, қыспакта боп, жылдаттын ба?
Каїғымен кан жұтқызып, сұлдаттын ба?
Касіретті қасапшынын ешкісіндеї
Құрым іліп, құдыққа құлдаттын ба?
Құбылдын, қүйкілжыдын, Құртқа лұние,
«Кызықпаймын» десем де, шыдаттын ба?
Ар-ұят, адамдықты арам қылып.
Бәрін саған жұмсадым, қуанттын ба?
Сен үшін жакыннымды жат қылып ем,
Каїрырылып, кам көнілімді жұбаттын ба?

Мелшиген, мейірімсіз, меніреу дүнне,
Аңдап ап, айызынды кандырдын ба?
Казынаны ұрлаған каракшыдай,
Бас салып, басқа бұғау салдырдын ба?
Жау тонаған адамдай жәудіретіп.
Адамзаттық арымды алдырдын ба?

.....

Кетеріне келгенде, кәззап дүнне,
Тұлкідей құйрығынды шалдырттын ба?
Капаста кан азайып, қажыр мұқап.
Калашынын итіндей канғырттын ба?

Әзелде алыска ұшқан дәм мен тұзым.
Тәуекел, тасқа кондым, Тәнірім сактар.
Жерлерге топырак тарткан сан айналдым.
Деген жанмын: «Құнымды Құдай жоктар!»
Адам басы — Алланын добы болса.
Тағдырдан табандатып тилі шокпар.
Жалындым, жанталастым, жалбарындым.
Тимеді ешбір рахым Тәнірім жактар.
Махпуздың тактайына жазған жұмыс
Бұйрыкты жерлеріне барып токтар.
Басқадан менін жаным бағалы ма.
Талай жан тап жолында болды көкпар!

Киядан сөз табатын акыл бар ма.
Тыңдайтын бойым балқып нақыл бар ма?
Есіл сөзім есепсіз босқа кетсе.
Обалы жаулығы жок катындарға!





«ДЕНЕГЕ
ЕМ БАР,
ЖАНГА —
ЖОҚ»

Мағжан бабамыздың өлөндері Дешті-Қыпшак
даласына дабыл қағып кайта оралды.
Отанын сатқан адам Отансыз калады.
Отаны үшін жаңын пида қылған Мағжан бабамыз
Отанына оралды.
Отаннан асқан ардак бар ма?!

Казак елі тірі де – Ақыны да тірі!
Ел Ақынсыз, Ақын елсіз болмаған!

Роллан Сейсенов

«ДЕНЕГЕ ЕМ БАР, ЖАНҒА — ЖОҚ»

ШЫНҒЫСТАУ

Атам екі ұлты ақынның өлеңдерін бала кезімнен маған жатқа айтып санама сіндіріп бакты.

Оның бірі — Шаһкәрім Құдаїбердиев еді.

Ікіншісі — Мағжан Жұмабаев болатын.

Бұл 1960 жылдың жазы болса керек. Мен сол күнде сегізінші класка баратын едім. Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлін, Ильяс Жансүгіров аташарымыз актальып, олардың кітаптары енді ғана жарық көре бастаған тұс. Атам дүкеннен сол баға жетпес асыл кітаптарды сатып атып келді. Кешкे үште ауылдың сөз ұғар кемпір-шатдарын шакырды. Абай ауылдының ескіше хат танитын сөзге жүйрік аксакалдары Шаһкәрімнің, Мағжанның, Ахметтін, Оліханнның, Міржақыптың кітаптарының шығуына жол берілмегеніне катты қынжылып отырды.

Сол асылдардың сөздерін олар сағына тоскан болатын. Үкімет оларды ұзакқа ағартпауға бекінген болды. Сондарынан шам атып тұскендер әлі де тірі. Сол аїғайшылтар ғой, касиетті адамдарға қүйе жағуды тоқтатпай отырған, деп ой корыткандары әлі есімде. Атам Кажының өлеңдерін түгел дерлік жатқа айтатын. Мағжанның бір топ өлеңдері мен «Коркыт» дастаның

